

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№24 (093) ЖҰМА

12 шілде 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

МҰРАТ БӨРІБАЕВ – СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ

Қаланың жаңа басшысын қала активіне Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы таныстырды.



Мұрат Ерболатұлы Бөрібаев 1991 жылы дүниеге келген.

Металлургия, экономика және бизнес бакалавры, мемлекеттік Менеджмент магистрі.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін, Қазақстан Республикасы

Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітірген.

Еңбек жолын «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС филиалы «Қарағандытүстімет» ӨБ «Нұрқазған» байыту фабрикасы бас корпусының үшінші разрядты флотаторы болып бастады.

2011-2012 жылдары – «Қазақмыс» корпорациясы

ЖШС «Қарағандытүстімет» ӨБ филиалының «Нұрқазған» байыту фабрикасы жетекшілігінің әкімшілік бас корпусында іс жүргізуші; «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС филиалы «Қарағандытүстімет» ӨБ «Нұрқазған» байыту фабрикасы бас корпусы бақылау цехының шебері.

2012-2013 жылдары – «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС «Қарағандытүстімет» филиалы Нұрқазған байыту фабрикасы бас корпусы цехының бастығы.

2013-2014 жылдары – «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС «Шығыстүстімет» ӨБ Орлов кеніші байыту фабрикасының бас инженері.

2014-2015 жылдары – «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС «ЖТМ» ӨБ №1, 2, 3 Жезқазған байыту фабрикасы №2 бас корпусы цехының бастығы.

2015-2017 жылдары – «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС «ҚТМ» филиалы Нұрқазған байыту фабрикасының директоры. Тағайындалғанға дейін «Жезқазғантүстімет» ӨБ №1, 2, 3 Жезқазған байыту фабрикасының директоры қызметін атқарды.

ҰЛТТЫҚ БАНК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАРДЫ АЙНАЛЫСҚА ШЫҒАРАДЫ

Қазақстан Ұлттық Банкі «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан QANYSH SÄTBAEV. 125 JYL коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.



Қаныш Сәтбаев – геолог-ғалым, ғылым және қоғам қайраткері, профессор, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті.

Номиналы 2 000 теңгелік монетада марганец рудасының, минералдың түсін білдіретін күрең қызыл түске ие тантал сақинасы бар. Бұл ірі кен орнын Қ. Сәтбаев Жезді ауылының маңында тауып, игерген. Марганец Ұлы Отан соғысы кезінде броньды техникаға арналған болат қорытпалары өндірісінде кеңінен қолданылып, КСРО-ға марганец кенінің 70%-дан астамын беріп отырған.

Монеталардың барлық түрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің бел-

гіленген құнымен төлемнің кез келген түрінде қабылдануға, елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударылуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Биколорлы монеталар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ нөмірлі сапа сертификаттары бар кәдесый орамында шығарылады. Мельхиор қоспасынан дайындалған монеталар блистерлік ормада шығарылады. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Монеталардың сатуға қашан шығарылатыны туралы ақпарат ҚҰБ ресми сайтында қосымша орналастырылады.

ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

★ Күн суығанда азаматтардың көмірді жаппай сатып алуы көбейеді. Мұндай жағдай орын алмауы үшін осы сәттен бастап тұрғындарды қысқы маусымға дайындалуға шақырамыз.

★ Сортына байланысты көмір бағасы тоннасына 12 000 – 19 500 теңге аралығында сатылымда екенін хабарлаймыз!

Облыс бойынша көмірді 2 темір жол түйіқтары арқылы сатып ала аласыздар.

1. «Көмір гарант» ЖШС – Жезқазған қаласы, мелкомбинаттың жанында, тел: 8 (777) 333 71 81;

2. «Ferrit и К» ЖШС – Жезқазған қаласы, мелкомбинаттың жанында, тел: 8 (7102) 77 55 17.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ!

★ Наступление холодов традиционно вызывает повышенный спрос на уголь. Чтобы этого не произошло, призываем жителей готовиться к зимнему сезону заранее.

★ Цена за тонну угля (в зависимости от марки) составляет 12000–19500 тенге. Сообщаем, что он уже в продаже.

В настоящее время приобрести уголь в нашей области можно через 2 железнодорожных тупика.

1. ТОО «Көмір гарант», г. Жезказган, рядом с мелькомбинатом.

Тел. 8 (777) 333-71-81.

2. ТОО «Ferrit и К», г. Жезказган, рядом с мелькомбинатом. Тел. 8 (7102) 77-55-17.

БІЛМЕЙ ҚАЛЫП ЖҰРМЕҢІЗ!

Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 505-бабының талаптары қандай?

1. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – 20 АЕК (79 240 тг), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК (118 860 тг), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК (158 480 тг), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (369 200 тг) айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – 30 АЕК (118 860 тг), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 40 АЕК (158 480 тг), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК (198 100 тг), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (1 188 600 тг) айыппұл салуға әкеп соғады.



ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕҢЕСШІСІ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА БОЛДЫ

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Ұлытау облысында болып, бірқатар кездесулер өткізді. Алғашқы кездесу облыстың имамдарымен өтті.

**Абдолла ДАСТАН,
«Egemen Qazaqstan»**

Кездесуге Ұлытау облысы аумағында қызмет етіп тұрған мешіттердің бас имамдары қатысты. Кездесуде Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» тақырыбында өткен үшінші отырысындағы дәстүрлі діни құндылықтарымызға қатысты айтқан ойлары талқыланды.

Мәлік Нұржанұлы сонымен қатар, өңірдің шығармашылық интеллигенция өкілдері, этномәдени бірлестіктер жетекшілері, БАҚ басшылары, жастармен кездесті. Кездесуде қоғамдағы өзекті мәселелер туралы пікір алмасылды.

Облысқа жұмыс сапары барысында Президент кеңесшісі «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені, Алашахан, Домбауыл кесенелері мен Ұлытау ауданында болып, тарихи орындарды аралады.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ХАКАТОН

Жезқазғанда үш күнге созылған ғылыми-техникалық хакатон өтті. «Металлургиялық кәсіпорындарды ғылыми-технологиялық дамыту» тақырыбымен өткен шараны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырды. Онда ғалымдар өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу, қоршаған ортаны қорғау, өндірісті цифрландыру секілді бірнеше бағыттағы инновациялық жобаларды ұсынды.



Хакатон – ағылшын сөзі. Бағдарламалық қамсыздандыруды жасақтаудың әртүрлі салаларынан (программашылар, жоба менеджерлері және т.б.) жиналған мамандардың қандай да бір мәселені шешу мақсатында бірігіп жұмыс істеуі үшін ұйымдастырылатын шара осылай аталады екен. Іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек онлайн-режимде қатысып, «Ғылыми-инновациялық хакатон – ғылымды коммерцияландыру форматы» тақырыбында сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды. Министр бұл шараның ғылым мен бизнестің кооперациясын жақсартудың, сондай-ақ экспортқа бағдарланған жаңа өнім өндіру үшін коммерцияландыру жобаларын ілгерілету мақсатында Үкімет басшысының ғылыми-техникалық комиссия отырысында берген тапсырмасы бойынша ұйымдастырылғанын атап өтті. Ғылым және білім министрлігі конкурстарының нәтижесінде гранттық қаржыландыру бойынша 1971 жоба және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 161 ғылыми-техникалық бағдарлама жүзеге асырылыпты. Сондай-ақ, министрлік тарапынан 2023-2025 жылдарға арналған

ғылыми-технологиялық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін жоғары оқу орындарының жанынан инжинирингтік орталықтар мен технопарктер құруға қаражат бөлінуде.

Хакатонның негізгі мақсаты – ғылыми қауымдастық, ғылыми-зерттеу институттары және өндірістік бизнес кәсіпорындары арасында ортақ мәмілеге келіп, тіл табысу. Іс-шара барысында бірқатар проблемалар көтеріліп, жас ғалымдар өндіріс процесін жасанды интеллект арқылы бақылау туралы ұсыныстарын білдірді. Олар бірнеше топқа бөлініп жұмыс істеді. Жезқазғандағы шахталардың суын тазарту, қалдық қоймаларын қалпына келтіру, металдарды алуды жетілдіру үдерістеріне қатысты цифрлық жобалар ұсынылды. Сонымен қатар компания қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығына көбірек көңіл бөлу қажеттігі де қозғалды. Хакатонда көтерілген мәселелердің қорытындысы бойынша болашақта «Қазақмыс» кәсіпорындарындағы жұмыс деңгейі мен сапасын арттыруға ықпал жасайтын перспективалық түрлі жобалар қарастырылатын болды.

Нығман РАХЫМ

ПРАВОСУДИЕ

УСЛОВНО-ДОСРОЧНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЯ ОСУЖДЕННЫХ ОТ ОТБЫВАНИЯ НАКАЗАНИЯ

Лишение свободы во всем мире считается самым строгим наказанием за совершение преступления. Условно-досрочное освобождение от дальнейшего отбывания наказания в виде лишения свободы является комплексным правовым институтом, актом доверия государства к осужденному, который своим поведением показал, что не нуждается в полном отбывании назначенного наказания. Статья посвящена рассмотрению проблемных вопросов законодательной регламентации и практики применения условно-досрочного освобождения от наказания.

Условно-досрочное освобождение – комплексный правовой институт регламентируемый уголовным, уголовно-исполнительным и уголовно-процессуальным законодательством.

Очевидно, что условно-досрочное освобождение (далее - УДО), замена неотбытой части наказания более мягким видом, сокращение срока и освобождения от наказания стимулируют исправление лиц, отбывающих наказание, возмещение ущерба, причиненного преступлением и способствуют сокра-

щению тюремного населения страны.

Вопросы предоставления УДО остаются предельно актуальными, так как не один другой аспект исполнения уголовных наказаний не вызывает столь живого интереса у осужденных к лишению свободы и сотрудников уголовно-исполнительной системы.

С одной стороны, условно-досрочное освобождение следует оценить положительно, так как это реализация идеи гуманизма в законодательстве. Но, с другой стороны, необоснованное ис-

пользование поощрительного института в исправительных учреждениях способно отрицательно повлиять на состояние преступности посредством увеличения рецидива.

Лица освобождаемые условно-досрочно должны находиться под соответствующим контролем как со стороны государства, так и общества ради их успешной постпенитенциарной адаптации, а также в целях предотвращения совершения ими новых преступлений.

Исправление осужденного – сложная

психологическая, социально-правовая и, в конечном итоге, нравственная категория. Речь идет об изменениях в духовно-нравственной, эмоционально-волевой и мотивационной сферах личности. Это происходит в результате комплексного, воспитательного воздействия на него в период отбывания наказания.

Поэтому предлагается оценку поведения и личностных качеств осужденного, осуществлять комиссионно, с участием в ней профессиональных психологов, наркологов, педагогов, социологов и других специалистов для прогноза поведения осужденного и подготовки мотивированного заключения о возможности УДО.

**С.ИСАБАЕВ,
судья Сатпаевского
городского суда.**

ОБЛЫСТЫҢ ҮШ АВТОЖОЛ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҮКІМЕТТЕ ҚАРАЛДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Жезқазған-Қызылорда, Жезқазған-Қарағанды және Жезқазған-Петропавл бағытындағы тасжолдарды қайта жаңарту мәселелері талқыланды.

Олжас Бектенов кеңесте біздің өңірді оңтүстікпен байланыстыратын жолдың жөндеу жұмыстарын жеделдету үшін ҚР Көлік министрі Марат Қарабаевқа тиісті тапсырмалар берді.

«Бүгінгі таңда жоба бойынша 8 мердігер ұйым анықталған. Тамызда олар вахталық қалашықтар салу, карьерлер дайындау сынды жұмыстарға кіріседі. Негізгі жұмыстар қыркүйек айында басталады» - деп атап өтті көлік министрі.

Бұдан басқа, дүниежүзілік банктің біздің елдегі тұрақты өкілі Андрей Михнев ұсынған баяндамаға сәйкес, олар ҚР Көлік министрлігімен бірлесіп, біздің өңіріміз үшін тағы бір маңызды жобаны – яғни, ұзындығы 572 шақырым болатын Жезқазған-Қарағанды автожолын қайта жаңарту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Жалпы құны 1,2 трлн теңге болатын жоба 4 жолақты және 20 жылға арналған перспективалық қарқындылықты ескере отырып іске асырылатын болады. Осы жобаны іске асыруда нәтижелерге негізделген келісімшарттардың жаңа түрлерін пайдалану жоспарлануда. Мердігер жол инфрақұрылымын жобалауға, салуға және кейіннен күтіп ұстауға жауапты болады.

Қазіргі уақытта жолдың 7 учаскесі бойынша құрылыс жұмыстарын сатып алу бойынша конкурстық рәсімдер басталды. Аталған жұмыстар биыл қыркүйекте келісімшартқа қол қою 2024 жылдың қарашасына жоспарланған.


«Біз бұл жобаны ағымдағы жылдың қараша айында Дүниежүзілік Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне толық дайын болуын жоспарлап отырмыз», – деп атап өтті Андрей Михнев.

Жезқазған-Петропавл тас жолына (Арқалық арқылы) келетін болсақ, қазір оның бір учаскесінде (143-163 шқ) орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Биыл оны пайдалануға беру жоспарлануда.

Осы жолдың қалған екі учаскесінде (163-178 және 178-193 км) мердігер «АрмСтрой» ЖШС жөндеу жүргізеді. Дайындық жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстың аяқталу мерзімі келесі жыл.


Автожолдың тағы бір учаскесіне (193-252 шқ) мердігер анықтау бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Жұмыстарды 2026 жылы аяқтау жоспарлануда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



РЕАЛИЗАЦИЮ ТРЕХ АВТОДОРОЖНЫХ ПРОЕКТОВ ОБЛАСТИ РАССМОТРЕЛИ В ПРАВИТЕЛЬСТВЕ

На состоявшемся заседании Правительства под председательством Премьер-Министра Олжаса Бектенова рассмотрели вопросы развития автомобильной отрасли, в том числе и нашего региона. Касались они и трех крупных автомобильных проектов: реконструкции трасс Жезказган – Кызылорда, Жезказган – Караганда и Жезказган – Петропавловск.



В частности, на совещании обсудили меры по реализации проекта реконструкции автодороги Жезказган – Кызылорда. Олжас Бектенов поручил министру транспорта РК Марату Карабаеву ускорить начало строительных работ в области Ұлытау (протяженность – 208 км).

На сегодняшний день по проекту определено 8 подрядных организаций. В августе они приступят к подготовительным работам: оформлению земель полосы временного отвода, строительству вахтовых городков, оформлению карьеров. Основные работы начнутся в сентябре, отметил министр транспорта.

Кроме того, согласно докладу, представленному постоянным представителем Всемирного банка в РК Андреем Михневым, ими совместно с Министерством транспорта РК ведется работа по подготовке еще одного важного для нашего региона проекта – реконструкции автодороги Жезказган – Караганда протяженностью 572 км. Цель: повышение транспортной устойчивости и связанности коридора между двумя областными центрами.

Проект общей стоимостью 1,2 трлн тенге будет реализовываться в рамках первой технической категории: с 4-полосным движением и с учетом перспективной интенсивности на 20 лет. В реализации данного проекта планируют использовать новые виды контрактов, которые основаны на результатах. Подрядчик будет отвечать за проектирование, строительство и последующее обслуживание дорожной инфраструктуры.

В настоящее время начаты конкурсные процедуры по закупкам строительных работ по 7 участкам дороги. Проведение финотбора намечено на сентябрь текущего года, подписание контракта – на ноябрь 2024 года. «Мы



планируем, чтобы этот проект был полностью подготовлен на утверждение совета директоров Всемирного банка в ноябре текущего года», – подчеркнул Андрей Михнев.

Что касается трассы Жезказган – Петропавловск (через Арқалық), то на одном ее участке (143-163 км) сейчас ведется средний ремонт. В текущем году планируется его сдача в эксплуатацию.

На двух других участках данной дороги (163-178 и 178-193 км) определен подрядчик: ТОО «АрмСтрой». Ведутся подготовительные работы. Срок завершения работ: следующий год.

По еще одному участку автодороги (193-252 км) ведутся конкурсные процедуры по определению подрядчика. Завершить работы планируется в 2026 году.

Пресс служба акима области

► ЖОШЫ ҰЛЫСЫНА – 800 ЖЫЛ

ШЫҢҒЫСШЫЛДЫҚТЫҢ

Мұхтар БАҚЫТҰЛЫ

Кендірліктер мен тау жыраларындағы цитаделді бекіністер желісі хандарға, хатундарға, ханзадаларға және уәзірлерге пана болды. Орда Ежен мен оның ұрпақтары Ұлы қаған қорығының қорушысы болды. Оның тарихта қалған есімі екі көне түрк тілінен шыққан: біріншісі «орда» - орталық деген мағынаны білдіреді. Ол туралы мәліметті бізге Плато Карпини былай деп қалдырған: «Ставки своих царей они называют «орда», что означает «центр». Екінші сөз - «ежен». Қазіргі қазақ тілінде «иеге» немесе «ие» дегенді білдіреді, яғни Жошы ұлысының саяси орталығының иесі.

Кеңестік тарихнама Орда Ежен ұлысын Алтын орданың автономиялық бөлігі деп есептесе, біз бүгінгі күні Ақ орданың Сарай-Батудан егеменді болғанына көзіміз жетіп отыр. Мұны Қарақорымның құжаттарында Орда Еженнің есімін қашанда ең бірінші болып, содан кейін ғана Батудың есімі жазылғаны туралы айтатын деректер дәлелдейді. Орда Еженнің өлімінен кейін де ақордалық хандар алтынордалық құрылтайларға барған емес.

Орда Еженнің тірі кезінде Сығанақ қаласының қайта қалпына келтірілуі орын алды, кейін ол қала Ақ орданың жаңа саяси орталығы болды. Бірақ бұл сәт Ұлытаудың маңыздылығына ешқандай әсер еткен жоқ, өйткені өңірді бұқара халық жайлау ретінде пайдаланса, көптеген ханзадалар осы жерді мекен етіп отыра берді және ең бастысы Ұлытау Ұлық ұлыстың Ұлы қорығы болып қала берді.

Сонымен қатар, кейбір зерттеушілердің Орда Ежен Сығанақта жерлену мүмкін деген пікірлері де ешқандай нақты дәлелге ие емес және Ұлытаудың құпия Ұлы Қорық ретіндегі тарихи орны бұл пікірді жоққа шығарады. Орда Ежен жай ғана хан емес, Жошы Ұлысы мен күллі Шыңғыс қағанның империясындағы асқақ, саяси беделі жоғары билеуші болғанын ұмытпаған жөн.

Оған қоса, дерекнамаларға қарасақ, Орда Ежен өте ұзақ саяси ғұмыр кешті. Шыңғыс қаған Жошы Ұлысын Алтын, Ақ және Көк Ордаларға бөлген кезден Орда Еженнің дүниеден өткенге дейін 20 жылдан астам уақыт өтті. Оның тақта отырған кезеңі соғыс жорықтары, бүліктер және саяси текетіреске толы заманға келгенін ескерсек, бұл дегеніміз билік басында отырудағы өте ұзақ мерзім. Сондықтан, Орда Еженнің Ұлытауда жерленуі әбден мүмкін деуге толық негіз бар.

Орда Ежен өлген соң Сығанақтағы таққа төртінші ұлы Құңқыран отырды, ал Құли Сарысудың төменгі ағысындағы Төрежар қаласына қоныстанды. Бұл қала кейін оның әйелі Белен хатунның есімімен аталды.

ШЫҢҒЫС ДӘУІРІНДЕ ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ, АЛ БАТЫС ЖОРЫҚТАРЫ БІТКЕН СОҢ АҚ ОРДА НЕМЕСЕ ОРДА ЕЖЕННІҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫ.



Ақ Орданың Алтын Ордадан егеменді болғаны туралы барлық фактілердің болуына қарамастан, деректерде Ақ Орданың XIV ғасырда ғана толық тәуелсіздік алғаны айтылады. Бұл жерде біз 1327-1328 жылдары Мүбәрәк ханның өз атынан теңге соға бастағаны туралы дәлелдер табамыз және мемлекеттің экономикалық және сәйкесінше, саяси тәуелсіздігінің айқын орнағанын көреміз.

1269 жылы Талас құрылтайында Ақ Орда дербес ұлыс ретінде әрекет еткен жоқ, бірақ бұл оның Жошы Ұлысы құрамындағы номиналды жағдайын жоққа шығармайды. Бату мен оның ұрпақтары Ұлық Ұлыстың барлық экономикасын қалыптастырғанына, Шығыс Еуропадағы күллі әкімшілік жүйесін тізгінде ұстап отырғанына, әскердің басты бөлігіне ие болғанына қарамастан, Ақ Орда өз қолында Ұлы Қорықты сақтау жөніндегі қасиетті рөліне ие болып, оған бөтен ешкімді таятпай қорып отырды.

Бірақ Сарай-Батуда отырған Алтын Орданың кейбір хандары бұл жағдайға шыдамай, Бату мен Орда Ежен сертпен орнатып кеткен дәстүрлі өзара сыйластықты жиі бұзатын болды. Олар оқтын-оқтын Ақ Орданы толығымен бағындыруға талпыныстар жасап, Сарайдағы ішкі қақтығыстардың салдарынан ғана әрекеттерін үзуге мәжбүр болатын.

XIV ғасырдың 60-жылдарында Сығанақтағы таққа Орыс хан отырды. Бұл

оқиға Ұлық Ұлыстың әлсіреп, құрдымға кетуінің бастамасы болды. Осы кезден бастап, Ұлытау өңірінің тарихымен ұштас болған, Тоқтамыс және Әмір Темірдің есімдерімен тығыз байланысты оқиғалар басталды. Орыс ханның тұлғалығы барлық қазақтың қалыптасу тарихы үшін маңызы зор. Ол Қазақ хандығын билеген, Шыңғыс қағаннан тараған Тоқай - Тимуридтердің әкесі болып саналады. Кейбір заманауи зерттеушілер тіпті Орыс ханды Қара Кеңгір өзенінің жағасындағы аттас күмбезді мазарда тыным тапқан Алаша ханмен теңестіреді.

Орыс ханның өзінің шығу тегі туралы екі қарама-қарсы наным бар. Кейбір дереккөздер оны Орда Ежен тармағына жатқызып, тігінен Шыңғыс қаған – Жошы – Орда Ежен – Құли – Тұмақан – Ноғай – Сасы-Бұқа – Ерзен – Шымтай – Орыс хан етіп таратады. Ал XIV ғасырдың бас жақ кезеңінде жазылған, авторы білгісіз «Тауарихи гузиза-йи нусрат-наме» атты еңбекте, «Түрк шежіресін» жазған Хиуаның ханы Әбілғазы баһадүр және әйгілі Қадырғали Жалайыр Орыс ханның Тоқай – Темірден тарағаны туралы айтады. Қадырғали Жалайыр Тоқай – Темірдің Жошы ханның 13-ші ұлы болғанын нақтылайды. Оның шежіресі келесідей: Шыңғыс қаған – Жошы – Тоқай – Темір – Өз Темір – Қожа – Бідік – Орыс хан. Бұл пікірді Орыс хан туралы дастанында Әбілғазы қайталайды

және оның Тоқай–Темірдің ұрығынан тарайтынын растайды.

Әбілғазының шежіресі «он сегіз» бағалы кітаптың және әртүрлі шалғай уәлаяттардағы білімді Шыңғыс ұрпақтарының әңгімесінің негізінде жазылғанын ескерсек, оған сенім артпауға болмайтынына көз жеткіземіз және Орыс хан мен бүкіл қазақ хандарының шығу тегі туралы сөз қозғағанда екінші пікірді қабылдауға тура келеді. Бұл пікір Өтеміс қожаның «Шыңғыс нама» атты кітабында шегеленеді. Оның жазуы бойынша, шейбандықтар тоқай-темірліктерге «Шыңғыс бабамыз Жошы ұлысын мұрагерлікке бөлгенде, Батуға алтын, Орда Еженге күміс босағалы үрге қойғанда, Шейбан атамызға да болат босағалы үрге қойған. Ал сендердің Тоқай – Темірлеріңе жабылған арба да қойған жоқ, сондықтан біз сендерден мықтымыз» деп сын сөз айтқан екен.

Сондықтан, қазақ хандарының шежіресін талқыға салғанда, біз, Қазақ хандығының құрылуы шейбандықтар мен тоқай-темірліктердің текетіресінің нәтижесінде орын алғанын тұжырымдаймыз. Ал Орда Еженнің ұрықтары бағаналылардың арасына сіңіп, кейін Қожас этнонимімен айқындалады. Бұл пікірді Жезқазған ауданының халқы туралы 1927 жылы жазғанда Қаныш Сәтбаев келтіреді. Ол бағаналылардың ішіндегі Қожас руын Орда Еженнің тұқымдарына жатқызады.

АҚЫРЫ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

Орыс хан Ұлық ұлыстың, яғни Алтын орда мен Ақ орданың соңғы біріктірушісі ретінде есте қалды. 1368-1369 жылдары Сығанақ қаласында ол өз атынан теңге соқтырды. Орыс ханның басты сыртқы саясаты Мауренахрда күшейген Әмір Темірге қарсы күреске бағытталды. Бұл күрес күллі Ұлық Ұлыстың күшін бір қолға біріктірусіз мүмкін емес еді, сондықтан, екі орданы бір орталыққа бағындыру мақсатында Орыс хан 1372 жылы Еділдің төмен ағысына жорық ұйымдастырады. Бұл әрекетке бару үшін және Сарай – Батудағы таққа отыру үшін оған Алтын Ордада орын алған бытыраңқылық қолайлы жағдай жасады. Оған қоса, 1374-1375 жылдары Орыс хан Сарай – Берке, Қажы – Тарқан және Қам бұлғарларын бағындырды.

Сол сәтте Орыс ханның еншілігінің кеңеюі орталықтан тепкіш күштердің пайда болуына әкелді. Оның басты саяси қарсыластары болып Маңғыстаудың билеушісі, Тоқай – Темірдің алтыншы ұрпағы Түй қожа және маңғыт Едіге шықты. Түй қожа Сарай - Батуға қарсы жорықта Орыс ханды қолдамады және сол үшін Шыңғыс қаһанның «Ясы» заңнамасына сәйкес өлтірілді. Оның баласы Тоқтамыс Едігемен қоса Әмір Темірге қашты және жылы қабылдауға ие болды, өйткені даладағы қуатты билікке қарсы шыққан қарсыластар қалалық билеушілер үшін қашанда қолайлы саяси құралы болғанын тарих көрсеткен. Әмір өз қолынан келген көмектің бәрін аямайтынына және болашақта Орыс ханды тақтан тайдырып, Тоқтамысты алтынордалық таққа отырғызатынына уәде берді. Ол қашқындарды әскермен қамтамасыз етіп, алдағы шайқастарда тек сәттілік серік болуына дұға етті.

Сонымен, Жошы Ұлысының тарихында «әмірлердің парады» басталды: әмір Едіге «тақты басып алушы және бұлғақ (бүлікші) хан Тоқтамысты» жеңгеннен соң Ноғай ордасын құрады; әмір Полатшы Жетісу мен Шығыс Түркістанда, яғни Жағатай Ұлысының қирандысында Моғолстан мемлекетінің іргесін қалады; әмір Темір күшейіп, ақырында Жошы ұлысын әлсіретіп, оны бытыратып жіберген өзінің ортаазиялық алпауыты империясының шекарасын кеңейтті. 1377 жылғы соңғы шайқаста Орыс хан Тоқтамыстың ұлы Жәлел ад-Диннің қолынан қаза болды.

Күшіне еңген Тоқтамыс Жошы Ұлысының мемлекеттік істерін ретке келтірумен айналыса бастады. Оның басты қарсыласы қияттардан шыққан қырымдық түменбасы Мамай болды. Қияттар қашанда тақ мұрагерлігіне қызғанышпен қараған. Олар Шыңғыс қаһанға жақын туысқандықтары бар болғанына қарамастан, Жошы ұлысында билік тізгінін ұстауға құқы жоқтығын әділетсіздік деп санады. Мамай Тоқтамыстың билігін мойындаған жоқ

және орыс княздіктерінен түсетін салыққа қол салмақ болып, қарсыластыққа басын тікті. 1380 жылы Құлық жазығында Мәскеудің князі Дмитрий басқарған Тоқтамыстың әскері мен түменбасы Мамайдың жасағы арасында шешуші шайқас орын алды. Бұл шайқастың нәтижесі КСРО тарихының оқулықтарында жарыса жазылғандықтан баршамамызға мәлім. Мамайдың жеңілісімен Жошы Ұлысының әкімшілік – аумақтық бірлігі қайта орнады.

Бірақ сол уақытта, Дмитрийдің жоқтығын пайдаланып, оған қарсы Мәскеудің боярлары бүлік шығарды. Олар барлық княздіктегі билікті өз қолдарына алып, жеңіспен оралып келе жатқан Дмитрийді қалаға кіргізбей қойды. Бұл деген қолында княздікке берілген Жарлығы бар Ұлы қаһанның өкіліне қарсы жасалған саяси қадам ретінде бағаланды. Мұндай жағдайда Дмитрий Тоқтамыстың келісімінсіз ешқандай қадамға бара алмайтын еді. Ол Сарайға хабаршы жіберіп, өзі Владимирді паналады.

Бұл жағдайды реттеу үшін Тоқтамыс әскер жинады және 1382 жылы ұлыстың мәскеулік провинциясында тәртіп орнату үшін жорыққа шықты. Тамыз айында оның әскері Мәскеуді алды және ол барлық боярлардың басын шапты. Ағаш қала тоналып, дымы қалмай өртенді. Тоқтамыс кеткен соң, Дмитрий Донской Владимирден қайтып келіп, қаланы қайта қалпына келтіру жұмыстарымен айналысты, ал басқа княздіктердің боярлары өздері үшін сабақ алды және княздарға қарсы әрекеттерін көп уақытқа дейін ұмытты, өйткені Тоқтамыс княздар өзінің жергілікті өкілдері екенін түсінікті қылып жеткізді.

Бірақ мұндай жағдай көпке барған жоқ. Жошы ұлысының тағына Тоқтамыс әмір Темірдің қолдауымен отырғанын жоғарыда айттық. Ал сол көмек үшін Самарқанның Сақыпқыраны Ұлық Ұлыстың барлық уалаяттарынан жиналған алымдарынан дәмелі болған. Бірақ сол қаражатты аударудың орнына Тоқтамыс, өзінің қолдаушысының арасындағы шайқас жақындап келетінін жақсы түсініп, барлық материалдық күшін өзінің әскерін күшейтуге салды. Өйткені шыңғысшылдықтың заңнамасы билік атқару мәселеде күштілігін көрсетіп, Тоқтамыс, Жошы ұлысының ұлық бектері Әлібек Қоңырат, Өзбек Темір және Ақбұқа Бақрынның айтқан ақылдарына қарамастан, билік басындағылардың ықпалына түсіп, қалыптасқан мемлекеттік атқару жүйесіне бағынды. Сондықтан, ол өзінің Кавказдың түстігіндегі беделін арттыру үшін батыс Иранға жорық жасап, Төбризді алып, Сарайға мол олжамен оралды.

Әмір Темірдің тасы. Аталған оқиға Темір мен Тоқтамыс арасындағы қарама-қатынасты түпкілікті үзді. 1391 жылдың көктемінде әмір Темір екі жүз мың әскер жинады және Сейхунның

жағасымен жүріп отырып, Ақорданың қалаларын келіп ұрды. Одан кейін, 1391 жылдың 14 наурызында ол Сарықсудың аяқ жағымен өзеннен өтіп, Ұлытауға бет алды. 28 наурызда әскер Кішітауға жетті. Ол жерде бір түн түнеп, ары қарай жылжыды. Ұлытауға жеткенде әмір Темір таудың басына шығып, айналадағы көктеп құлпырған далаға тамсанып біраз тұрған екен. Кейін Ақшоқы немесе Алтыншоқы аталған биіктікке белгі болсын деп, тастан минарет секілді ұйтас-мұнара тұрғызуға бұйрық берді және сандықтың көлеміндегі тасқа қашап жазуын қалдырды.

Қазіргі Жетіқыз деп аталатын өзеннің жағасындағы Ақшоқыны әмір Темір бекер таңдаған жоқ. Бұл жер Сарай - Батуға қарсы әскерді тиянақты дайындауға өте қолайлы болды. Біз, әрине, ол замандағы топонимиканы біле алмаймыз. Йазди осы жорық туралы жазғанда бұл жерді Тоқмақ елі деп атайды. Шоқының қазіргі атауы түстік пен теріскейінде жатқан алтын кеннің екі теліміне байланысты. Ұлытаудың алтын желілері кварц денелерінде кездеседі, сондықтан Ақшоқы деп аталғаны содан. Ал негізінде, шоқы керісінше қара метеориттік түске ие, бірақ төбенің үстінен қарағанда Жетіқыздың арғы бетінде және теріскей жағында жер аппақ болып жатады.

Бұл алтын телімдерінде 1933 жылы Жезқазған геологиялық партиясы барлау жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде 205 кварц желілері анықталған, кейбір желілердің ұзындығы 120 метрге және ені 2 метрге жеткен. Екі телімнің ішінде түстіктегісі алтынға едәуір бай болып шықты. Ол кварц желісінде пирит пен халькопириттен құралған. Шөміш түрдегі барлау кезінде жалпы 421 метрді құрайтын 13 алтын желі анықталды.

Содан болу керек, ел аузында әмір Темірдің Ақшоқыда алтын қорытқаны немесе қару-жарақ соққаны туралы айтылады. Бірақ кейінгі зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл жерде ешқандай металлургиялық жұмыстар жүргізілмегеніне көз жеткізуге болады. Сірә, біз бұл жерде жасалынған істің мағынасын сопылардың әдеп-ғұрыптық ритуалдарымен байланыстыра аламыз.

Төбе үнемі соғып тұратын атлантикалық циклонның жел фронттарында орналасқан. Минарет ретінде көтерілген ұйтастың іргесінде форсунканың рөлін атқарған қуыстар соғып тұрған желдің күшін жанып тұрған тобылғыға жөнелткен. Оттың күштілігі туралы тастардың балқып кеткенінен аңғаруға болады.

Абдаллаһ II-нің Баба сұлтанға қарсы жасаған Ұлытау жорығы туралы жазған Хафиз Таныш былай дейді: «Тұран әмірі Темір төбеге тас мұнара тұрғызды және сандықтың көлеміндегі тас тақтайшаға жазу ойып салды».

Ұйтас қандай мақсатта салынғанын дерекнамашы айтпайды. Бірақ осы және Йаздидің куәгерліктері Қаныш Сәтбаевты осы тасты іздеуге итермелегеніне ұқсайды, өйткені тарих үнемі геологияның көмекшісі болып келген. Сонымен қоса, геология да қарап тұрмай, тарих үшін артефактілер тауып беріп отырды.

Әмір Темір өзінің «ортанғы жерде» болғанын ақыр заманға дейін есте болсын деп сол тастағы жазуды жазып кетті. Ол тас бүгін Ұлытау үшін тарихи және материалды құндылық болып табылады. Сонымен қатар, тастағы жазу - шыңғысшылдықтың негізінде қаланған Ұлық Ұлыстың мемлекеттілік жүйесін бағындыруды мақсат еткен Темір билігінің саяси символы!

Әмір Темірді жорықтарда әрқашанда сопылар сүйемелдеп жүргені белгілі және олардың ортасында болған әмір өзінің бастаған істерінің сәтті аяқталатынына сенімді болған. Сопылардың зікірі оның саяси қарсыластарымен жүргізген теке-тірестерде және кез келген шайқастарда жеңімпаз болып шығуына көмектескен. Сондықтан, ортағасырлық аңыздар «ортадағы жердің тасына ие болған адам баласы шығыста да, батыста да абсолютті билік тізгініне ие болады» деген екен.

Мұндай ақпарат тас туралы білетіндерді жайбарақат отырғызбай, оларды Темірдің әскері жүрген жолдардан іздеуге мәжбүрледі. Соның нәтижесінде, ең бірінші болып әмір Темірдің тасы француз картографы Гийом Делилдің 1706 жылы шыққан «Тартария картасында» көрсетілді. Бұл карта Франсуа Пети де ля Круаның 1710 жылғы «Темір-бек тарихы» атты кітабында басылып шығарылды. Осы мәлімет Низам ад-Дин Абд ал-Васи Шами мен Шараф-ад-дин Али Йаздидің жазған ақпараттарын растады.

Тек 1933 жылы Ұлытаудың батыс баурайында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жүрген Қаныш Сәтбаев бұл тасты тауып алды. Бұл сәт қалай өрбігені туралы егжей-тегжей түрде Медеу Сәрсекеев жазып кеткен. «Біз Алтыншоқыда алтыннан да қымбат дүние таптық!» - деп тастың қасында тұрған Сәтбаев қуана жар салды. Ол не айтып тұрғанын жақсы түсінген болатын. Бұл тасты талай шексіз билікқұмарлар іздеген.

Геологиялық отрядтың коллекторы С. А. Рожнов тастың жазуы қашалған жағына, арап ғаріптері анық көріну үшін тіс тазалау пастасын жағып, «фотокормен» суретке түсіріп алды. Кейін бұл фотосурет ғылыми ортада атақты болып кетті және анда-санда «Ұлытау тасы туралы мақалаларға серіктес болып жүрді».

(Жалғасы 6-бетте)

► ЖОШЫ ҰЛЫСЫНА – 800 ЖЫЛ

ШЫҢҒЫСШЫЛДЫҚТЫҢ АҚЫРЫ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

(Жалғасы. Басы 4-5 беттерде)

Каныш Сәтбаев фотосуретті КСРО ҒА-на жіберді. Соған қарап Шығыстану институтының шығыстанушысы Николас Поппэ тастағы жазуды аударып шықты. Оның аудармасы бойынша, жазу келесі мазмұнда болды: «Қой жылы, 793-те Тоқмақ еліне, Тоқтамыс ханға қарсы жорықпен келдім. Осы жерде оба тұрғыздым. Барлық адамдар мені дұғамен еске алсын. Әмин. Тұран сұлтаны Темірбек...»

Бұл тас, әмір Темірдің құдіреті бар 361 каратты рубиніндей, кез келген иесіне құдіретті күш беріп отырған. Аталған рубин, нақтырақ айтқанда қызыл шпинель Ұлықбектің, ұлық мұғал Жаһангірдің, персиялық Надир шахтың және ост-Инд компаниясының арқасында қолына түсірген британ королевасы Викторияның билігін күшейткен. Солай тарихта «Викториан дәуірі» орнықты. Британ империясы алпауыт кеме жасаушыға айналып, көптеген колонияларды отарлап үстемдік етті.

1936 жылдың күзінде, Ленинград Эрмитажының директоры, академик Иосиф Орбелидің тапсырмасымен «Қарсақпайға Эрмитаждың аға ғылыми қызметкері Морозов келіп, тасты Ленинградқа алып кетті». Тас Эрмитаждың экспозициясына орналастырылып, бүгінгі күнге дейін сонда тұр.

Бұл тасты Қазақстанға қайтару мәселесі идеологиялық тұрғыдан тарихи құндылықтарды қайта толықтыру болып табылады. Тас өз иесіне қайтарылу керек! 1988 жылы осы мәселе бойынша, Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі Камал Смайылов бастаған қазақ делегациясы мен Эрмитаж директоры Б. Пиотровский арасында әңгіме болған. Сол сәтте Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тайқазанды қайтару мәселесі оң шешімін тапты, бірақ Темірлан тасын қайтару мәселесі сол уақыттан бері күні бүгінге дейін ашық күйінде қалып отыр.

Алтыншоқыдағы қорған туралы айтатын тағы бір жәйіт бар. Қорғанның оңтүстік-батыс бөлігі кең шатқалға түсіп, Жетіқыз өзенімен қиылысып аяқталады. Бұл шатқал ақбөкен, жейран, құлан және бұлан сияқты жабайы жануарларды айдап қамауға ыңғайлы болды. Деректерге сүйенсек, ол заманда аталған жануарлар осы өлкеде көп көлемде тіршілік еткен. Мұнда Әмір Темір әскер үшін азық қорын қамтамасыз ету мақсатта аң аулау ұйымдастырды. Ол азық Торғай үстіртінен өтіп Сарайға дейін созылатын жолға жету керек еді.



Жалайыридің жазуынша, Әмір Темір әскерін Едіге би басқарды, яғни Әмір Алтыншоқыда аялдаған кезде Едіге де болған және алыста іріленіп тұрған тауға көзі түсіп соның басына тыным табу ниеті пайда болғанға ұқсайды.

Едіге Тоқтамысқа қарағанда қамқоршысына деген адалдығын сақтап қалды. Тоқтамыстың алтынордалық таққа көтерілген кезінде Едіге Құтлықияұлы оның шорасы (ханның кеңесін басқарушы - автор) болатын. Олардың арасындағы келіспеушіліктер Тоқтамыстың Әмір Темір алдындағы міндеттерін орындаудан бас тартуына байланысты орын алды. Мұны келесі тұрғыдан түсіндіруге болады: Тоқтамыс Куликово шайқасынан кейін Ұлық Ұлысты қайта біріктіре алды және салық түсімдерінің ағыны Тоқтамысты дәстүрлі Шыңғыс қағанның «Ясы» заңының ережелері бойынша әрекет етуге мәжбүр етті. Ал Әмір Едіге, әрине, бұл жағдайға қарсы болды, өйткені ол да Әмір Темір сияқты Алтын Орда тағының өзіне қол жеткізуін қамтамасыз ету

үшін Шыңғысшылдыққа нүкте қойғысы келді және олардың ұрпақтары үшін Шыңғыз қаһан орнатқан тақ мұрагерлігі мәселесіндегі сол кедергіні түпкілікті жоюды мақсат етті.

Жасырынды қарсыластық ашық жауыздыққа айналды. Ордада қалу қауіпсіз емес екенін түсінген Едіге қайтадан Темірге қашты. Әмір Темір барлық қалыптасқан жағдайды түсініп, Сарайға қарсы соғыспен баруға шешім қабылдады. Солай тағдыр оған Ұлытауға келіп, Алтыншоқыда тасқа жазуын қалдыруға нәсіп етті.

Сол шайқаста тас-талқаны шыққан Тоқтамыс «теріскейге қарай» қашты. Өзіне адал шамалы ғана топпен қалған Тоқтамыс көптеген қиындықтарға тап болды. Оның ізіне түсу үшін Едіге бірінші Ятым баһадүрді, кейін Тубал баһадүрді, одан кейін арғын Қарақожаны жіберді. Ол іздеу шаралары сәтсіз болғандықтан, іске Едігенің ұлы Нұраддин кірісті. Ол Тоқтамысты Есілдің жағасынан тауып, бірінші қарауылдарды, кейін Жетім баһадүрді, барлық нүкерлерді, ақырында ханның өзін өлтірді.

Әлкей Марғұланның ойынша, бұл оқиға туралы Қадырғали Жалайыр барлығын өз көзімен көргендей қып жазады. Бұл сәт шежіреші кітабын жазу үшін сол оқиғаға куә болған адамның айтқанын пайдаланғанын білдіреді. Осылай шыңғысшылдықтың ақыры, Ұлық Ұлыстың бытыранқылық кезеңі басталады.

Сонымен қатар, академик қазақ шежіресіне сүйене отырып, Тоқтамыс пен Едігенің мәйіттері Ұлытаудың ең биік тауында жатқанын айтады. Олардың табыттары бүгінгі күні тас обалар түрінде сақталған және XV ғасырдан бастап қазақтар ол биіктікті Едіге тауы деп атайды.

Ол туралы Шоқан Уәлиханов былай жазады: «Вероятно, ханы всех этих орд завещали хоронить себя в глубине степей, так мы находим могилу основателя Мангытской орды Эдигея на одной из Улытауских вершин, которая и носит название этого военачальника. Могила его – простая груда щебня, вероятно, она прежде имела определенную фигуру, но разрушилась, достоинство ее поддерживается очень удачно неприступностью горы, на которой она стоит». Ұлытау көне заманнан патшалар қорымы болған, өйткені Ұлытауға жету қиын. Сол заманның басты мемлекеттік дәстүрі елдің ханы болған ұлы тұлғаның денесін жауға беріп қоймауды, асыл сүйектерін қорлатпауды көздеген. Ал жан-жағы 500 шақырымға жуық сахараман оранған Ұлытау - сондай патша қорығына лайық таптырмас мекен!

1. Муин ад-Дин Натанзи. *Аноним Искандера*. Москва: Наука. 1973.

2. Қадырғали Қосымұлы Жалайыр. *Тарих-и Оразмұхаммед*. Алматы: Алатау, 2007 ж., 150-бет

3. Қазақстан – менің Отаным. Алматы, 1992.

4. Михаил Веллер. *Наш князь и хан*. Москва: АСТ. 2015

5. М. В. Бедельбаева. *Сведения о надписи Тимура 1391 г. в картографических исследованиях первой половины XVIII в.* РАН, 2008.

6. Медеу Сарсекеев. *Сатпаев*. Алма-Ата: Өнер, 1989. 226-бет.

7. Сонда.

8. К. Сатпаев. *Доисторические памятники в Джезказганском районе*. Народное хозяйство Казахстана, 1941. №1, с. 87.

9. Қадырғали би Қосымұлы Жалайыр. *Тарих-и Оразмұхаммед*. Алматы: Алатау, 2007 ж., 170-бет.


10. Валиханов Ч. Ч. *Собрание сочинений*. Том I, с. 193.



ОВЕН. На этой неделе Овны могут столкнуться с интересными вызовами на работе, которые потребуют креативного подхода. Ваши усилия будут замечены руководством, что может привести к положительным переменам в карьере. Среда и четверг – лучшие дни для начала новых дел.



ТЕЛЕЦ. Для Тельцов начало недели обещает быть спокойным и умиротворенным. Это отличное время для занятий творчеством и саморазвитием. В пятницу и субботу ожидаются важные встречи, которые могут существенно повлиять на ваше финансовое положение. Будьте открыты к новым предложениям, но не торопитесь с решениями.



БЛИЗНЕЦЫ. Наступающая неделя принесет Близнецам множество возможностей для социальных активностей. Ваше общение с друзьями и коллегами будет особенно продуктивным, что может привести к интересным предложениям. Однако в четверг и пятницу возможны стрессовые ситуации, требующие быстрой реакции и решений.



РАК. Под влиянием звезд этой недели Ракам стоит ожидать значительных перемен в личной жизни. Возможно, кто-то из прошлого вновь появится в вашей жизни, привнеся немало эмоций. Во вторник и среду уделите внимание семейным делам; это поможет укрепить отношения с близкими.



ЛЕВ. Эта неделя обещает быть динамичной для Львов, особенно важно для профессиональной сферы. Вам предстоит много работы, но благодаря вашему умению управлять коллективом, все задачи будут выполнены успешно. Сохраняйте спокойствие и организованность, даже если обстоятельства покажутся сложными.



ДЕВА. В начале недели Девы могут почувствовать прилив энергии, который стоит использовать для завершения давно отложенных проектов. Среда будет наиболее благоприятным днем для начала новых дел, особенно тех, которые требуют внимания к деталям. Будьте внимательны к своему здоровью.




ВЕСЫ. Звезды говорят о том, что Весам следует ожидать активной социальной жизни на этой неделе. Ваши коммуникативные навыки будут на пике, что поможет вам укрепить старые связи и наладить новые. На работе возможны положительные изменения благодаря вашему умению сглаживать конфликты.



СКОРПИОН. Эта неделя принесет Скорпионам глубокие эмоциональные переживания. Ваши чувства будут усилены, что может привести к интенсивным взаимодействиям как в личной жизни, так и на работе. Особенно внимательным стоит быть в понедельник и вторник, когда вероятны споры из-за недопонимания.



СТРЕЛЕЦ. Неделя начнется для Стрельцов с новых возможностей для профессионального роста. Ваше природное оптимистичное отношение и способность видеть большую картину помогут вам в решении сложных задач. В четверг и пятницу ожидаются важные встречи, которые могут значительно повлиять на вашу карьеру.



КОЗЕРОГ. На этой неделе Козерогам предстоит принять важные решения, которые могут оказать долгосрочное влияние на их жизнь. Ваша способность к планированию и организации поможет вам успешно справиться с возникающими вызовами. Среда и пятница — отличные дни для финансовых операций и вложений.



ВОДОЛЕЙ. Для Водолеев неделя начнется с неожиданных новостей, которые могут открыть перед вами новые горизонты. Ваше нестандартное мышление поможет найти необычные решения для старых проблем. Будьте готовы к активной социальной жизни, особенно в среду и четверг.



РЫБЫ. Вам предстоит неделя, полная творческого вдохновения и новых идей. Ваша интуиция будет на высоте, что поможет в принятии важных решений, особенно в профессиональной сфере. Отдайте предпочтение сотрудничеству, так как общие проекты принесут значительный успех.

СКАНВОРД

Товар в роли денег		Сосед европейца		Поправка для полной ясности				
Между Кюсю и Хонсю		Фильм с Уиллом Смитом		Антилопа на вопрос «Ну?»				
						Альтернатива окраины		«Звезда» на осенней клумбе
Гриф с блинами	Кудряш			Кличка собаки-комиссара				
«Ни с места!»						Посторонний шум		Похвала в стихах
	Функция sin(x)	Бенталь		Злая ирония	Кислородный сосед			
						Мнение, выраженное цифрами		
	Группа подтанцовки		Расцветка				Ватага	Метание дротиков
							Огненные остатки бумаги	Пиковая масть
						Прочная толстая веревка		Вальсаров ...
						Икт в стихе		Хитрый зверь

Анекдоты, анекдоты...



Хотелось бы, конечно, для поддержания здоровья регулярно заниматься спортом. Бегать трусцой с утра пораньше, например. Но разве такое возможно с этими погодными условиями? То дождь идет, то снег, а то солнце светит прямо в глаза.

В палатке сидят три генерала: русский, американский и французский. Обсуждают особенности своих армий. Заходит речь про питание? и наш хвастается:

— Нормы потребления российской армии обеспечивают все потребности солдата в калориях, русский военный получает в сутки 2000 калорий.

— А наших гренадеров кормят на 4000 калорий. Солдату нужно много энергии.

— Ерунда, господа! — парирует янки. — В армии США рядовому положены 8000 калорий.

Русский возмущенно вскакивает:

— Как можно так врать, Билл? Человек не может за день сожрать столько капусты!

Однажды Пушкин письменно обратился к издателю одного журнала, в котором он сотрудничал, с просьбой выдать ему причитающийся гонорар. Редакция ответила ему запросом, когда ему удобнее получить деньги: в понедельник или во вторник, и получит ли он все двести рублей сразу или сначала только сто. Поэт отвечал лаконичной запиской: «Понедельник лучше вторника, а двести лучше ста».

«Судьба – это когда по одной колее ночью из двух городов навстречу друг другу выходят два поезда... Они несутся друг на друга, не зная, что едут по одной колее... Скорость всё больше, а расстояние между ними стремительно сокращается!...

И всё-таки они не встречаются. А знаете, почему?... Потому что НЕ СУДЬБА!»

Когда француз изобрел скрипку, он думал о женщине.

Когда итальянец изобрел арфу, он тоже думал о женщине.

Интересно, о чем думал русский, когда изобрел балалайку?

• ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Шілденің 6-ы – ел астанасының құрметіне мемлекеттік мереке болып бекітілгені белгілі. Кеншілер қаласының халқы екі күн қатарынан Орталық алаңға жиналып, мерекелік концерттік бағдарламаны тамашалады. Бұл шаралардың қарсаңында қалаға жаңа басшы келді. Шілденің 5-і күні қала әкімі болып Мұрат Ерболатұлы Бәрібаев тағайындалды. Бірнеше айдан бері басшы болмай, қоңылтақсып жүрген көңілдерде ертеңге деген үміт оянды, сенім нығайды. Жаңа басшының қадамын «өзімен бірге қос мерекені қатар алып келді ғой» деп, жақсыға ырымдап жатқанымыз да рас.

Ұлттық домбыра күнін мерекелеу сәтінде Мұрат Ерболатұлы халық алдына алғаш рет шықты. Ол жиналғандарды Домбыра күнімен құттықтады. Қағазға қарамады, қазақы нақышта сөйледі. «Домбыра – тек музыкалық аспап емес, ұлттық құндылықтарымыздың бірі» деген сөзі тәнті етті.

Сахна төрінен домбыра шанағынан күй төгіліп жатқанда, алаңда қолөнер шеберлерінің көрмесі де орын тепкен еді. Қала басшысы олардың да еңбектерімен танысты. Ол қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын, киіз үйді және т.б. ағаштан ойып, кәдесый жасайтын жасөспірімді сөзге тартып, әңгімелесті. Жас шебердің аты-жөні – Ескендір Ардақұлы Абдолла екен. Оның анасы – Бақыткүл Қалиқызы он саусағынан өнер тамған ісмер көрінеді.

Қазір ҚР Білім инновациялық лицейінің 11-сыныбында оқитын Ескендірді шеберлікке анасы баулыған тәрізді. «Телефон шұқылап отырғанша, ағаш жонып, соны өрнектеп отырғанын қаладық, өзінің де икемі бар болғасын. Компьютер, құрал-жабдықтарын әпердік –дейді әкесі Ардақ Жүгініс.

Мұрат Ерболатұлы баланың кәсібін риза болды. Оның қолынан өзі ұнатқан киіз үй пішіндес кәдесыйды сатып алды. Ескендір мен анасының «Тегін ала беріңіз» дегеніне қарамады, Каспиголд арқылы бірден төлем жасады.

– Мен алғаш рет өзімнің қолыммен жасаған дүниемді сатып, сауда жасадым. Әкімнің «нарық заманына икемделу керек» деген ақыл- кеңесі де ұнады. Алдағы уақытта жастарға берілетін

«ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ - ДОМБЫРА»

Қазақтың ұлы ақындарының бірі Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, Нағыз қазақ – домбыра» дейтін өлең жолдарын бүгінде екі қазақтың бірі біледі. Кейінгі бес – алты жыл мұғдарында елімізде Ұлттық домбыра күні мерекеленіп келеді. Биыл бұл күн шілденің 7-жұлдызына тура келді. Мерекеге орай қаланың орталық алаңында «Қазағымның қазынасы – Домбыра» тақырыбымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.



гранттарға қатысу ойымда бар –дейді Ескендір. Міне, Ұлттық домбыра мерекесінің шапағаты деген!

Қалалық «Жастар» театры қойған «Қылыштан өткір, құрыштан берік-домбыра» атты театрландырылған көрініс ескі заманның тарихын қозғады. Шыңғысханның алдында Жошының қазасын күймен жеткізген Кетбұға баба... «Кеншілер сазы» фольклорлық ансамбілінің орындауындағы күйлер... Шынболат Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайы жанындағы «Күй» үйірмесінің жетекшісі Сағидуллаев



Балтабайдың оқушыларынан құрылған халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың жүлде иегерлері «Іңкәр сарын» ансамблі мен «Ақ әжелер» ансамблінің өнерлерін халық қуана қошеметтеп жатты. «Жасмин» би ұжымының «Домбыра» биінің әдемілігі соншалық олар сахнаны құлпыртып жіберді.

Дәстүрлі әншілер Қайрат Әбеуов, Елдос Әлғожин әдемі әндерімен сахнаның көркін енгізді. «Қарақат» өнер мектеп студиясының жетігеншілері Домбыра мерекесінен қалайша сырт

қалсын?! «Импульс» үлгілі хореографиялық ансамблі, «Нұр шашу» би ұжымы да өз өнерлерімен мерекенің мерейін шығарды.

Домбыра күніне арналған концерттік бағдарламаның нүктесі белгілі әнші Жамал Омарованың орындауындағы «Домбыра туралы баллада» әнімен қойылды.

Бұдан соң жиылған көпшілік арасында викториналық сұрақтар қойылып, жауабын дәл тапқандар арнайы сыйлықтарға ие болды.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 1086

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.